

Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтарда № 3 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 2476 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 249 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 24.11.2022 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызыдағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған мекеме туралы Ереже бекітілсін.

3. Облыс әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р. Рахманбердиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрембаев

Жамбыл облысы әкімдігінің

2015 жылғы 15 қантардағы

№ 3 қаулысымен бекітілген

"Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық қызмет саласында бақылау функцияларын жүзеге асырады.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жок.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада берілген тәртіппен "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

8. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 2-ші Қазыбек би бұрылсызы, 26 үй

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрфысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) мемлекеттік органдардың, жеке, заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасы жер заңдарының сақталуын;
- 2) Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын анықтауды және жоюды;
- 3) азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді ;
- 4) жер участекерін пайдалану ережелерінің сақталуын;
- 5) жер кадастры мен жерге орналастыру ісінің дұрыс жүргізуін;
- 6) жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Функциялары:

- 1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер участекерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;
- 2) жер участекерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;
- 3) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуына;
- 4) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс-шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуіне;
- 5) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өздерінде жердің бар-жоғы, олардың жай-күйі мен пайдаланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақтылы беруіне;
- 6) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғын жай және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуы мен салынуына;
- 7) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұздану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғактану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да процестердің салдарын болғызбау мен жою жөніндегі іс-шаралардың уақтылы және сапалы орындалуына;
- 8) азаматтардың өздеріне жер участекерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қарастыруың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;
- 9) межелік белгілердің сақталуына;
- 10) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақтылы қайтарылуына;

11) бүлінген жердің қалпына келтірілуіне;

12) жердің бүлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатының сыйдырып алынуына, сакталуына және пайдаланылуына;

13) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналастыру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді;

14) мемлекеттік сатып алуша ұйымдастырушы болуға құқылы.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) кінәлілерді жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының жер заңдарының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға немесе Мемлекеттік корпорацияға жіберуге;

2) Қазақстан Республикасы жер заңдарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасауға;

3) Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жазалау туралы қаулылар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участекерін мәжбүрлеп алғып қою туралы, жер участекерін беруге, мемлекет мұқтажы үшін алғып қоюға, мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты құқыққа сыйымсыз шешімдердің күшін жою туралы, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын осы нұсқама берілген тұлғалар нұсқамада көрсетілген мерзімде орындаған не тиісінше орындаған жағдайда оларды орындау туралы және жеке, лауазымды және заңды тұлғалардан айыппұл өндіріп алу туралы істер бойынша сотқа талап-арыз дайындауға және беруге;

5) қызметтік күәлігін көрсеткен жағдайда, ұйымдарға кедергісіз кіруге, меншіктегі және пайдаланудағы жер участекерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа да арнаулы объектілер алғып жатқан жер участекерін - оларға кірудің белгіленген режимін ескере отырып, тексеруге;

6) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдарына жерді қорғау, Қазақстан

Республикасы жер зандарының бұзылуын жою мәселелері бойынша орындалуға міндетті нұсқамалар беруге;

7) өнеркәсіптік, азаматтық және басқа да құрылыштар, пайдалы қазба кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, агротехникалық, орман мелиорациялық, геологиялық-барлау, іздестіру, геодезиялық және өзге де жұмыстар, егер олар Қазақстан Республикасының жер зандарын, ерекше қорғалатын аумақтар жерін пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына, ластануына, залалдануына немесе бүлінуіне, эрозияның күшеюіне, тұздануға, батпақтануға және шектес аумақтарды қоса алғанда, топырақ құнарлылығын төмендететін басқа да процестерге әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар экологиялық сараптамадан өтпеген не теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүзеге асырылса, оларды тоқтата тұруға;

8) мемлекеттік органдардан жер қорының жай-күйі туралы статистикалық ақпаратты алуға;

9) жерге құқықты белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда тұргын жай және өндірістік объектілердің салынуын тоқтата тұруға құқығы бар.

2. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының жер зандарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдануға;

2) жүргізілетін тексерулердің материалдарын объективті түрде дайындауға міндетті.

3) "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заннамасын, жеке және занды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау, сондай-ақ жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың тапсырмаларын орындауға міндетті;

4) "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қолданыстағы заннамаға сәйкес өзге де міндеттер жүктелуі мүмкін.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау

"басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жамбыл облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының екілеттігі:

1) "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) барлық органдарда "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұддесін қорғайды;

3) келісім-шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банкіде есеп шоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;

6) барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

7) "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

8) қызметкерлерді марапаттау және жазалау шараларын қолдайды;

9) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес өз құзыреттері шегінде жемқорлықпен күрес жүргізеді және заңда көрсетілген тәртіптік шараларды қолданады;

10) қарамағындағы мемлекеттік қызметкерлердің әрекеттері сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болып табылған жағдайда оған жауапты болып табылады.

11) Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 89 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада

көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Жамбыл облысы әкімдігінің жерлерді пайдалану және қорғалуын бақылау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.